

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 11 сәуірдегі № 73-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – **т і з б е**) **б е к і т і л с і н .**

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 1

с ә у і р д е г і

№

7 3 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	«Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің туы және нышаны туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 8 қаңтардағы № 240 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ПМ	2012 жылғы сәуір

2	Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын орындайтын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган туралы үлгі ережені бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қазандағы № 988 қаулысының күші жойылды деп тану туралы)	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ПМ	2012 жылғы сәуір
3	Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін қадағалаудың, бақылаудың және күзетудің инженерлік-техникалық құралдарының тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ПМ	2012 жылғы сәуір
4	Электрондық бақылау құралдарының түрлерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ПМ (жинақтау), ККМ	2012 жылғы шілде
5	Тергеу іс-әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдарды қолдану туралы нұсқаулықты бекіту туралы	БП бұйрығы	БП (келісім бойынша) (жинақтау), ҰҚК (келісім бойынша), ЭҚСЖҚА (келісім бойынша), ПМ	2012 жылғы сәуір
6	Сотталған адамды Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындаудың кейбір мәселелері туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 21 маусымдағы № 186 бұйрығының және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 172 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)	ПМ бұйрығы	ПМ (жинақтау), БП (келісім бойынша)	2012 жылғы сәуір
7	Сотталған адамдардың жазасын одан әрі өтеуден босатуға ұсыну үшін негіз болып табылатын аурулардың тізбесін бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 145 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)	ПМ бұйрығы	ПМ (жинақтау), ДСМ	2012 жылғы сәуір
8	Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың бас-тауыш, негізгі орта, жалпы орта білім және кәсіптік білім, алуын мен оларды кәсіптік даярлауды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 169 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)	ПМ бұйрығы	ПМ (жинақтау), БҒМ	2012 жылғы сәуір
9	Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жіберетін және алатын хат-хабарға цензура жүргізу қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы	ПМ бұйрығы	ПМ	

	22 маусымдағы № 191 қбпү бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)			2012 жылғы сәуір
10	Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 148 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)	ІІМ бұйрығы	ІІМ (жинақтау), БП (келісім бойынша)	2012 жылғы сәуір
11	Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталған адамдарды қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті және тексеру өндірісін ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 154 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)	ІІМ бұйрығы	ІІМ (жинақтау), БП (келісім бойынша)	2012 жылғы сәуір
12	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелерінде ерекше жағдайлар режимін енгізу қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 10 маусымдағы № 110 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)	ІІМ бұйрығы	ІІМ (жинақтау), БП (келісім бойынша)	2012 жылғы сәуір
13	Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 27 тамыздағы № 244 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)	ІІМ бұйрығы	ІІМ (жинақтау), БП (келісім бойынша)	2012 жылғы сәуір
14	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторларының ішкі тәртіп қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2004 жылғы 27 тамыздағы № 245 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)	ІІМ бұйрығы	ІІМ (жинақтау), БП (келісім бойынша)	2012 жылғы сәуір
15	Бас бостандығынан айыруға сотталған адаммен тәрбие жұмысын жүргізу қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы № 305 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)	ІІМ бұйрығы	ІІМ (жинақтау), БП (келісім бойынша)	2012 жылғы сәуір
16	Жазаны орындау мекемелеріне, тергеу изоляторларына келу қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 28 маусымдағы № 194 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)	ІІМ бұйрығы	ІІМ (жинақтау), БП (келісім бойынша)	2012 жылғы сәуір
17	Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың орын ауыстыру қағидаларын бекіту туралы	ІІМ бұйрығы	ІІМ	2012 жылғы сәуір
18	Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін қадағалаудың, бақылаудың және күзетудің инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы	ІІМ бұйрығы	ІІМ	2012 жылғы сәуір

19	Ішкі істер органдарының түзеу және арнаулы мекемелеріндегі санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықтың кейбір мәселелері туралы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 949 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушы 2010 жылғы 8 желтоқсандағы № 323 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы)	Бірлескен бұйрығы	ІІМ, ДСМ	2012 жылғы сәуір
----	--	-------------------	----------	------------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БП – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
 ҰҚК – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
 ЭҚСЖҚА – Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)
 ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
 ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
 ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
 БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК